

6. Шакаман Ы.Б. Күрделі сөздердің сөзжасамдық негізі. // Қаз ҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №5 (77). 2004.
7. «Павлодар облысының тарихи және қазіргі атаулары» / «Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде» республикалық семинарының қатысушыларына арналған материалдар. - Астана, 2017.
8. Баяндама "Павлодар жер-су атаулары арқылы сөзжасамды оқыту" - Инфоурок.
9. ОНОМАСТИКАЛЫҚ ХАБАРШЫ. № 1 (33) 2017.
10. Сапаров Қ.Т. Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі (қазақтардың кеңістікті игеру тәжірибесінің жер-су атауларындағы көрінісі). Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007.
11. Нұрбаев Қ.Ж. / Павлодарға көне атауы қайтарылуы керек. // <http://abai.kz>
12. Рысберген К.К. Реалии постсоветской действительности в русской ономастической системе Казахстана. // Филологические науки. Вопросы теории и практики. Тамбов: Грамота, 2017.

ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫ МЕН ЭТНОГРАФИЯСЫНА ҮЛЕС ҚОСҚАН ТҮЛҒАЛАР

Нурланұлы А.

Ғылыми жетекшісі: PhD, Моминова Г.Т.

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
edu@abzal-nurlanuly.top
Астана қаласы.

Тарих - халықтың жады, мемлекеттің рухани тірегі. Ұлы дала өркениетінің сан ғасырлық тарихын ғылыми негізде зерделеу - ұлттық сананы қалыптастырудың басты шарты. Қазақстан аумағындағы ежелгі тайпалардың материалдық мәдениеті мен рухани құндылықтарын зерттеуде археология мен этнография ғылымдарының маңызы зор. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап төл тарихымызды түгендеу барысында біз осы салалардың бастауында тұрған алып тұлғалардың еңбектеріне қайта үңілеміз.

Бүгінгі таңда техникалық мамандықтарда білім алып жатқан жастар үшін де тарих қойнауына үңілу маңызды. Себебі, ата-бабаларымыздың металлургия, құрылыс өнері және әлеуметтік институттарды қалыптастырудағы жетістіктері - қазіргі инженерлік ойдың бастауы деуге болады. Бұл мақалада біз нақты дереккөздерге сүйене отырып, қазақ ғылымының шоқ жұлдыздары – Шоқан Уәлиханов, Әлкей Марғұлан, Кемел Ақышев және Халел Арғынбаевтың ғылыми мұрасына терең шолу жасаймыз.

Шоқан Уәлихановтың этнографиялық мұрасы және тарихи деректер

Қазақ халқының этнографиясы мен тарихын ғылыми тұрғыда зерттеуді сөз еткенде, ең алдымен, XIX ғасырдағы ағартушы, ғалым Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың есімі ойға оралады. Оның өмір жолы мен қызметінің өзі туған халқының тарихымен тығыз байланысты болды.

Шоқан Уәлихановтың балалық шағы мен ғылымға келу жолы туралы деректер оның ортасының ықпалы зор болғанын көрсетеді. Архив деректеріне сүйенсек, Шоқанның әкесі Шыңғыс Уәлиев 1834 жылы Аманқарағай округіне аға сұлтан болып тағайындалған кезде, ол жерде киіз үйлерден басқа ешқандай құрылыс болмаған. Кейіннен, 1835 жылы Аманқарағай округінің орталығы Құсмұрынға көшірілді. Шоқан Уәлихановтың семьясы осы Құсмұрын бекінісіне келіп қоныстанады. Бұл кезеңде Құсмұрын бекінісінің құрылысы, ондағы тұрғын үйлер мен түрлі шаруашылық және әскери ғимараттар жаңадан бой көтеріп жатқан еді [1, 9-10 бб.]. Осындай тарихи оқиғалардың куәсі болуы жас Шоқанның зерек болып өсуіне ықпал етті.

Шоқанның ғылыми көзқарасының қалыптасуына оның алған білімі тікелей әсер етті. 1847 жылы ол Сібір кадет корпусына оқуға түседі. Оқу орнын бітірген соң, Шоқан Уәлиханов қоғамдық-тарихи майданда көріне бастады. Бұл кезең қазақ халқының тарихындағы маңызды кезең, яғни қазақ халқының ұлы орыс халқымен және оның алдыңғы қатарлы демократияшыл мәдениетімен жақындасу дәуірі еді [1, 7 б.].

Шоқан Уәлихановтың ең құнды еңбектерінің бірі - қырғыз халқы (сол кездегі терминология бойынша "қара қырғыздар" немесе "Алатау қырғыздары") туралы жазбалары. Ол 1856 жылы Ыстықкөл аймағына жасаған саяхаты барысында жергілікті халықтың шығу тегін, рулық құрылымын және ауыз әдебиетін зерттеді. Ғалым өз еңбегінде былай деп жазады: «Алатау қырғыздары өздерін жай «қырғыз» деп қана атайды және осы атымен олар бүкіл Орта Азиялық мұсылмандардың баршасына мәлім. Тек қырғыз-қайсақтар ғана кейде оларға: ақ не қара қалпақты (киімдерінің түр-сипатына қарай берілген

эпитет) деп сыпайы сын есімдерін қоса атайды» [1, 105 б.]. Бұл жазбалар этнография ғылымы үшін аса құнды, себебі ол көшпелі халықтардың өзін-өзі сәйкестендіру үрдісін дәл көрсетіп берді.

Әлкей Марғұлан және Орталық Қазақстанның қола дәуірі

XX ғасырдағы Қазақстан археологиясының дамуы академик Әлкей Хақанұлы Марғұланның есімімен тығыз байланысты. Ол басқарған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (ОҚАЭ) Сарыарқа даласындағы ежелгі өркениеттің ізін тапты. Ә. Марғұланның ең үлкен ғылыми жетістігі - кейінгі қола дәуіріне жататын Беғазы-Дәндібай мәдениетін ашуы болды.

Бұл мәдениеттің ерекшелігі - оның сәулет өнері мен құрылыс техникасының жоғары деңгейде болуында. Орталық Қазақстандағы Беғазы, Дәндібай, Ақсу-Аюлы, Бұғылы сияқты қорымдардан табылған тас кесенелер ғалымдарды таң қалдырды. Әлкей Марғұлан өз еңбегінде: «Орталық Қазақстандағы кейінгі қола дәуірі ескерткіштерінің арасында Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы территориясында Қызыл-Арай және Беғазы әсем тауларында орналасқан Беғазының тас кесенесі ерекше маңызды», - деп жазды [2, 160 б.].

Беғазы кесенелерінің құрылысы өте күрделі. Олар үлкен гранит кесектерінен құралған. Ғалымның сипаттауы бойынша, сыртқы қабырғаны қаптау үшін қолданылған гранит кесектерінің пішіні тік бұрышты тақта, әрқайсысының салмағы 3 тоннаға дейін жетеді. Тақталар тік және бір-біріне нығыз қиюласқан. Тақталардың өлшемі 2,5x0,8x0,18 метрден 3,8x1,2x0,18 метрге дейін барады. Қабырғалардың орнықты болу үшін қаптау тақталары жерге 0,8 м тереңдікке қазылып көмілуі қажет болған [2, 162 б.]. Мұндай ауыр тастарды көтеру және орнату үшін ежелгі шеберлер күрделі инженерлік әдістерді қолданған болуы керек.

Марғұлан зерттеулері көрсеткендей, бұл кезеңде металлургия және құрылыс өнері қатар дамыған. Тастан қарағанда неғұрлым жетілген құралдардың пайда болуымен адам ағашты, тасты, сүйекті, металлды нәзік өңдеу, яғни жарқын ерекше өнерді дамытуға мүмкіндігін алды. Үй кәсіптерінде қола балталар, балға-шоттар, дүмі шығыңқы шоттар, қашаулар, бұрғылар және басқа да құралдар кең қолданылды [2, 380 б.]. Бұл деректер қазақ даласындағы ежелгі тайпалардың тек мал шаруашылығымен ғана емес, сонымен қатар дамыған қолөнермен және кен ісімен айналысқанын дәлелдейді.

Сондай-ақ, Ә. Марғұлан қола дәуіріндегі құрылыс түрлерін екіге бөліп қарастырды: біріншісі - жерге қазылып жасалған жертелелер, екіншісі - жер бетіне салынған құрылыстар. Ол: «Қола дәуірінде құрылыс ісінің шартсыз қол жеткізгені ішкі еден кеңістігін қиыршық таспен және саз балшықтың ерітіндісімен толтырып, гранит тақталарының көлденең екі қатар қаламасынан құралған тас құрылыстар болып табылады», - деп атап көрсетті [2, 382 б.].

Кемел Ақышев және сақ мәдениетінің алтын ғасыры

Қазақстан археологиясының келесі бір биік белесі - ерте темір дәуіріндегі сақ тайпаларының мәдениетін зерттеу. Бұл салада көрнекті археолог Кемел Ақышевтың еңбегі өлшеусіз. Оның басшылығымен ашылған Есік обасы мен «Алтын адам» жәдігері әлемдік ғылымға үлкен жаңалық алып келді.

Сақ заманында (б.з.б. І мыңжылдық) Қазақстан аумағындағы тайпалардың мәдениеті мен өнері өзінің алдындағы уақытпен салыстырғанда дамудың біршама жоғары сатысына жетті. Темір металлургиясы, көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы материалдық және рухани мәдениет түрлерін түбірімен өзгертті [3, 229 б.].

Кемел Ақышев зерттеген Есік обасынан табылған олжалар сақ қоғамының әлеуметтік құрылымы туралы құнды мәліметтер берді. «Алтын адамның» киімі мен қару-жарағы оның қоғамдағы жоғары орнын, мүмкін патша немесе күн құдайының бейнесі ретінде қабылданғанын көрсетеді. Кітапта көрсетілгендей: «Есік обасынан табылған олжа ақсүйек сақтың сән-салтанат киімін, бас киімін, аяқ киімін, үстіне тағатын сәндік заттарының қалай орналасатынын қалпына келтірудің ілуде бір кездесетін мүмкіндігін береді» [3, 231 б.].

Киімдегі өрнектер мен бейнелер жай ғана сәндік емес, терең философиялық мағынаға ие болды. Сақтардың «аң стилі» өнері ерекше дамыған. Есік жауынгерінің киіміндегі зооморфтық бейнелер, әсіресе, жыртқыш аңдардың, таутекелердің, құстардың бейнелері діни-идеологиялық мазмұнды растайды. Сақ шеберлері арқар мен таутекенің, жолбарыс пен қабанның, марал мен түйенің, дала қыраны мен киіктің, қасқыр мен қоянның бейнелерін әр түрлі материалдарда шеберлікпен бейнелеген [3, 235 б.].

Бұл кезеңдегі жерлеу ғұрыптары да күрделі болған. Патшалар мен ақсүйектерді жерлеу кезінде олардың денесін бальзамдап, үлкен обалар тұрғызған. Таулы Алтай мен Қазақстан аумағындағы сақтар зираттарын ашып-қазу сақ қоғамының ерекше ақсүйек өкілдері үшін өліктерді бальзамдау мен мумиялау қолданылғанын көрсетеді [3, 232 б.].

Халел Арғынбаев және қазақ отбасының этнографиясы

Археологиялық қазбалардан бөлек, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін, тұрмысын, отбасылық құндылықтарын зерттеуде этнограф ғалым Халел Арғынбаевтың орны ерекше. Оның «Қазақ отбасы» атты еңбегі - ұлттық тәрбие мен салт-дәстүр энциклопедиясы іспетті.

Х. Арғынбаев өз зерттеулерінде қазақ халқының некелесу дәстүрлеріне үлкен мән берген. Ол архив деректері мен ел арасынан жинаған мәліметтерге сүйене отырып, қазақ қоғамындағы неке жасын, құда түсу жолдарын талдады. Ғалымның жазуынша: «Жастай некелестіру - қазақ арасында ертеден келе жатқан дәстүр. Кей уақытта қыздарды 13-14 жасында ұзатса, ер балаларды 15-16 жасында балиғатқа толды деп үйлендіре берген. Бұл дәстүр халық арасында ашық көрініс тапқан» [4, 98 б.]. Бұл сол замандағы өмір сүру ұзақтығы мен шаруашылық қажеттіліктерінен туындаған әлеуметтік норма болды.

Арғынбаевтың тағы бір маңызды зерттеу нысаны - экзогамиялық шектеулер, яғни «Жеті ата» жүйесі. Қазақ халқы қан тазалығына ерекше мән берген. Алайда, ғалым XIX-XX ғасырлардағы өзгерістерді де назардан тыс қалдырмады. Ол Н. Изразцовтың деректерін келтіре отырып, Жетісу өңірінде 8-9 атаға толғанның өзінде қыз алысу өте сирек кездесетінін, ал Сырдария облысында 7 атаға толғанша қыз алыспау тәртібі негізінен XIX ғасыр соңына дейін сақталғанын жазады [4, 102 б.].

Ғалым сонымен қатар әмеңгерлік салты, қалыңмал төлеу және құда түсу рәсімдерінің экономикалық және әлеуметтік астарын ашып көрсетті. Мысалы, қыздың әке-шешесіне қызмет ету әдеті (күш күйеу) туралы былай дейді: «Тақыр кедей балалары әуелі өздері бірнеше жыл жалға жүріп, қалыңға беретін мал жиятын немесе оңтүстікте қалыңдық үшін қыз әкесіне қызмет ету әдеті де болған» [4, 98 б.]. Бұл деректер қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастардың қаншалықты күрделі болғанын айғақтайды.

Қорытындылай келе, Қазақстанның археологиясы мен этнографиясына үлес қосқан тұлғалар - Шоқан Уәлиханов, Әлкей Марғұлан, Кемел Ақышев, Халел Арғынбаев және басқа да ғалымдар бізге баға жетпес ғылыми мұра қалдырды.

Шоқан Уәлихановтың жазбалары арқылы біз XIX ғасырдағы Орталық Азия халықтарының шынайы өмірін, рухани әлемін танимыз.

Әлкей Марғұланнның іргелі зерттеулері қазақ даласының тек көшпелілер мекені ғана емес, дамыған металлургия мен сәулет өнерінің орталығы болғанын, 3 тонналық тастарды қалайтын күрделі инженерлік ойдың болғанын дәлелдеді.

Кемел Ақышев тапқан «Алтын адам» біздің ата-бабаларымыздың зергерлік өнері мен мемлекеттік құрылымының қаншалықты жоғары болғанын әлемге паш етті.

Халел Арғынбаевтың еңбектері ұлттық салт-дәстүрлеріміздің, әулеттік байланыстарымыздың түп-тамырын түсінуге көмектеседі.

Бұл ғалымдардың еңбектері тек тарихшылар үшін ғана емес, біз сияқты техникалық салада білім алып жатқан жас буын үшін де үлгі-өнеге. Олардың ізденімпаздығы, еңбекқорлығы және отаншылдығы «Қазақстан - менің Отаным» деген қастерлі ұғымның мәнін аша түседі. Тарихты білу - болашақты болжаудың кілті, ал осы ғұламалардың салған жолы - ғылымның қай саласында болмасын биік белестерді бағындыруға жетелейтін шамшырақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. - Алматы: Жазушы, 1985. - 560 б.
2. Марғұлан Ә. Шығармалары. 1-том. - Алматы: Алатау, 2011. - 522 б.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. - Алматы: Атамұра, 2010. - 544 б.
4. Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. - Алматы: Қайнар, 2005. - 216 б.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ЖУАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ОНОМАСТИКАСЫ

Орынбасар Б.Қ. Сейтқадыр А.Е.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық университеті

Электрондық адресі: orynbasarbalken@gmail.com

aymen.ceytkadyr@mail.ru

Аңдатпа: Бұл мақала Жамбыл облысы Жуалы ауданының ономастикалық кеңістігін, атап айтқанда, жер-су атауларын (ойконимдер, гидронимдер, оронимдер) тарихи-лингвистикалық тұрғыдан